

№1 хаттама

Директор жанындағы отырысы

Күн тәртібі:

1. Кіріс бақылау жұмысының қорытындысы
2. Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету, 1-11 сыныптар, аз қамтылған, көпбалалы отбасы, жетім балалар туралы ақпарат
3. Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету. 1-11 сынып
4. ББЖМ дайындау жоспарымен таныстыру
5. Мұғалімдердің функционалды міндеттері, біліктілік талаптары, ҒӘ жоспарымен таныстыру (STEAM-ZHAS жоба), тәлімгерлік - кәсіби даму негізі, ӘБ жұмыс жоспарларын орындау, педагогтың функционалды міндеттері
6. Кабинеттерге орнатылған бейнекамера туралы ақпарат

Тыңдалды: Кіріс бақылау жұмысының қорытындысы

Сөйледі: ДООЖЖО Ауесханова Г.С:

Бақылау негізі: 2025-2026 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары бойынша

Бақылаудың мақсаты: оқу жұмысы бағдарламаларының қолжетімділігін, олардың іске асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейі мен бағытына сәйкестігін, құрылымына, мазмұнына, ресімделуіне, оқу жұмыс жоспарларын қабылдау және бекіту тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бақылау.

Бақылау объектілері: пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау

Тексеру мерзімі: 2025 жылғы 08-12 қыркүйек.

Бақылау нәтижелері: Кестеде берілген. Кестеге талдама:

Кіріс пен аралық бақылау жұмысын салыстырсақ, динамиканың төмендегенін байқауға болады. Кіріс бақылау нәтижесінде білім сапасының төмен көрсеткіші көрсетуінің себебі: жазғы демалыстан соң жаңа оқу жылына келген оқушылар білімінің айқын көрінісі сезілді. Өткен сынып материалын пысықтау барысында жазба жұмысын орындауда төмен бағаланған оқушылар жұмысында бірден сауатсыздық танылды.

Қорытынды:

- барлық сыныптарда кіріс - жылдық салыстырмалысында кейбір пәндерде динамиканың төмендегенін анықталды;

Бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар:

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында: педагогке:

- білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;

- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;

- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;

- жүйелі кері байланысты ұйымдастыру ұсынылады.